21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237/2020 бұйрығы. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын бекіту туралы және "Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 17 беті 2025-2026

медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге туралы.

Гл. 1, 2. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021749#z347>

6. Бақылау сұрақтары:

1. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы және негізгі міндеттері?
2. Дәрілік заттар айналысы саласында мемлекеттік бақылаудың жүргізілуі?
3. Фармацевтикалық көмекті көрсету концепциясы? Дәп нені түсінеміз?
4. Халықтың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 18 беті 2025-2026

№4 Дәріс (5-апта)

1. Тақырыбы: Дәрілік заттарды рецептпен босатуды регламенттеу

1. Мақсаты: дәрі-дәрмектерді жіберу және рецепт қабылдау бойынша дәріхананың жұмысын ұйымдастыру бойынша жүйелі білімді қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

Рецепт-оны жазып берген маманның фармацевтке дәрі дайындау және босату туралы жазбаша өтініші. Рецепт дәрі-дәрмектерді дәріханадан босату үшін негіз болатын медициналық құжат болып табылады; заңды құжат, өйткені рецепт жазып берген дәрігер, рецепт қабылдаған және дәрі-дәрмекті босатқан провизор және ЕП дайындаған фармацевт дәрі-дәрмек дұрыс жазылмаған, дайындалған және босатылмаған жағдайда заңды жауапкершілікте болады; дәрі-дәрмектің құнын науқас төлейді немесе әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден дәріханаға өтейді.

Рецептілерді Денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері бекітілген нысандағы бланкілерде жазады. Рецепттер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен және жеке мөрімен куәландырылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуға арналған рецепттер жазып беріледі, электрондық түрде автоматтандырылған жүйеде есепке алынады.

Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда рецепттерді жазу қолмен жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға арналған рецепттерге медициналық ұйымның бұйрығымен айқындалған уәкілетті адам қосымша қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының "рецептілер үшін" мөрімен куәландырылады.

Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған жағдайда рецепттерді науқастарды амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкерлері жазып береді.

Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепттер жазылмайды.

Рецептілер науқастың жасын және дәрілік заттың құрамына кіретін ингредиенттердің әсер ету сипатын ескере отырып жазылады.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен алуға рецепттің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында көрсетіледі.

Рецептер латын тілінде, бланкіде көзделген барлық бағандарды міндетті түрде толтыра отырып, дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген немесе сауда атауымен анық жазылады, қолдану тәсілі тиісті бағанда мемлекеттік немесе орыс тілдерінде дозасын, жиілігі мен қабылдау ұзақтығын көрсете отырып жазылады. Жалпы нұсқаулармен ("белгілі", "ішкі", "сыртқы") шектелуге жол берілмейді. Рецептке түзетулер енгізуге жол берілмейді.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің19 беті 2025-2026

Тегін немесе жеңілдікті негізде дәрілік заттарды, құрамында 8-оксихинолиннің туындылары, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттарды алуға арналған бір рецептуралық бланкіде дәрілік заттың бір атауы, ал қалған дәрілік заттарға екі атаудан аспайтын атауы көрсетіледі.

Дәрілік затты бір реттік жоғары дозада жазып берген кезде дәрігер рецептіде дәрілік заттың дозасын жазумен және леп белгісі арқылы белгілейді. Дәрігер осы талапты сақтамаған жағдайда фармацевтикалық қызметкер тіркелген дәрілік затты белгіленген жоғары бір реттік дозаның жартысына береді.

Рецептілер стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында ғана қолданылатын дәрілік заттарға жазылмайды.

Дәрілік заттарды, оның ішінде тегін және жеңілдікті шарттармен босатылатын дәрілік заттарды алуға арналған рецептілер 1 ай бойы жарамды.

Шығарылған дәрілік препараттың саны науқастарға емдеу курсы есебінен, ал тұрақты ұзақ емдеуді қажет ететіндерге үш ай есебінен көрсетіледі.

Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген дәрілік заттарды алуға арналған рецептілер олар жазылған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде жарамды.

Босатылған дәрілік заттарға рецептілерді тегін негізде сақтауды фармацевтикалық қызметтерді жеткізуші 3 жыл бойы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ұйымдарында жазып берілген дәрілік заттарға арналған рецептілер, дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен босатуға арналған рецептілерді қоспағанда, республиканың бүкіл аумағында жарамды.

Рецепттерді қабылдау және олар бойынша ДЗ жіберу кезінде белгілі бір әрекет алгоритмін ұстану қажет.

Бірінші кезеңде дәріхана қызметкері дәрілік жазбаның *рецептуралық бланкісі нысанының сәйкестігін*, белгіленген жазу ережелеріне міндетті және қосымша деректемелердің болуын тексеруі тиіс.

Дәрілерге ақы төлеу тәртібіне және олардың құрамына кіретін дәрі-дәрмектердің әсер ету сипатына қарамастан, кез келген рецептті мынадай *негізгі(міндетті) деректемелерді* қамтуы тиіс:

- ЕПМ мөртабаны (ЕПМ атауын, оның мекен-жайын және телефонын көрсете отырып));
- рецепт жазылған күні;
- Науқастың Т. А. Ә. және оның жасы;
- Дәрігердің Т. А. Ә.;
- ДЗ атауы мен саны;
- ДЗ қолданудың толықтәсілі;
- дәрігердің қолы және жеке мөрі.

Рецептердің *қосымша деректемелері* ДЗ құрамына және рецептуралық бланктің нысанына байланысты.

Дұрыс жазылған Рецепт, таксацияланады, яғни оның бөлшек бағасы анықталады. Дәрілік препараты келіп түскен рецепт бойынша босату мүмкіндіктері туралы объективті шешім қабылдау мақсатында провизор оның фармацевтикалық сараптамасын жүргізеді.

Рецептінің фармацевтикалық сараптамасы – дәріханаға келіп түскен рецептілердің рецептілерді жазып беру және олар бойынша дәрілерді босату Ережелері бойынша қолданыстағы регламенттерге сәйкестігін бағалау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 20 беті 2025-2026

Рецептілерді фармацевтикалық сараптау процедурасына рецепт жазып берген адамның құқықтылығын анықтау жөніндегі негізгі кезеңдер кіреді; рецепт бланкісінің санының сәйкестігі; рецепт жазып берудің белгіленген ережелері негізгі және қосымша деректемелердің болуы; рецепттің дәріханалық ұйымнан берілетін дәріні жіберудің белгіленген тәртібіне сәйкестігі рецептісінің қолданылу мерзімі.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет:

Негізгі:

1. Шертаева, К. Д. Основы предпринимательской деятельности [Текст] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шмирова. - Шымкент : ЮКМА, 2019. - 152 с.
2. Арыстанов, Ж. М. Организация фармацевтической деятельности: учеб. пособие. - Алматы : Эверо, 2015. - 608 с.
3. Шертаева, К. Д. Организация фармацевтической деятельности : учеб. Пособие / К. Д. Шертаева, Г. И. Утегенова. - Жасулан 2021
4. Арыстанов Ж.М. История фармации. Учебное пособие. "Sky Systems" 2021
5. Арыстанов, Ж. М. История фармации [Текст] : учебное пособие / Ж. М. Арыстанов. - Алматы : Medet Group, 2022. - 194 с.

Қосымша:

1. Сборник законодательных и нормативно-правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан [Текст] : сборник / Б. К. Махатов [и др.]. - ; Утв. и рек. методическим советом ЮКГФА. - Шымкент : Б. и., 2013. - 340 с.
2. Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне [Текст] : методич. рек / С. К. Тулемисов [и др.]. - Алматы : [б. и.], 2015.
3. Болдыш, С. К. Летопись истории фармации Казахстана: монография / С. К. Болдыш. - ; Утв. Учен. Советом КГМУ. - Алматы : Эверо, 2014. - 168 с.

Электрондық ресурстар

1. «Фармация тарихы» пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5B110300-«Фармация» [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "История фармации". Специальность: 5B110300 "Фармация": лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОКМФА; Фармацияны ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. (216 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 76 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1 экз.
2. Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5B110300-«Фармация» [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "Основы организации фармацевтической деятельности". Специальность: 5B110300-«Фармация": лекциялар тезисі. - Шымкент : Б. ж., 2013
3. УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz
4. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: <http://www.studmedlib.ru>, ЛОГИН [ibragim123](http://www.studmedlib.ru), ПАРОЛЬ [Libukma123](http://www.studmedlib.ru)
5. Сайт библиотечно-информационного центра академии lib.ukma.kz
6. Медиатека ЮКМА <https://media.skma.edu.kz/>
7. Цифровая библиотека «Aknurpress» www.aknurpress.kz пройдите регистрацию и укажите промокод SDH-28
8. ОКМА Репозиторий <http://lib.ukma.kz/repository/>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 21 беті 2025-2026

9. Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана <http://rmebrk.kz/>
10. «Заң» нормативтік-құқықтық актілер базасы <https://zan.kz/ru>
11. «Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі <https://online.zakon.kz/Medicine/>
12. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). 2 тарау, 10 бап; 5 тарау, 3 параграф; 27, 28 тарау; https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34464437
13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900_000982
14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы" <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022146>
15. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022230#z7>
16. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 232 бұйрығы "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидалары". Жаңа редакцияда-ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.03.2019 № ҚР ДСМ-10 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011037>
17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы. Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы"» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022167#z13>
18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-104/2020 бұйрығы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/rus/docs/V200_0021229#z129
19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021493#z55>
20. Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ. Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы. 1-бөлім, 1-тарау, 2, 3. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000123/k170123.htm>
21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237/2020 бұйрығы. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын бекіту туралы және "Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызметін көрсету туралы. Гл. 1, 2. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021749#z347>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Дәрі-дәрмекті қабылдау және жіберу бойынша дәріхананың жұмысын ұйымдастыру қалай жүзеге асырылады?
2. Рецептке түсінетін не?
3. Рецептұралық бланкілердің қандай түрлерін білесіз?

QONTUSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 22 беті 2025-2026

4. Рецепттерді жазудың жалпы ережелерін атаңыз.

5. Рецептке фармацевтикалық сараптама қалай жүргізіледі?

№5 Дәріс (7-апта)

1.Тақырыбы: Дәріханалар жағдайында дәрі-дәрмек дайындауды ұйымдастыру

2.Мақсаты: білім алушыларды дәріханаларда дәрілерді дайындауды және дәрілердің сапасын дәріхана ішілік бақылауды ұйымдастырумен таныстыру.

3.Дәріс тезистері:

Дәріханалық жағдайда дәрілік формаларды дайындау жұмысын жоғарғы және орта фармацевтикалық білімі бар мамандар жүргізеді.

Дәріханалардың дәрілік формаларды дайындау іс-әрекеті рецептерде жазылатын дәрілік формалардың құрамы мен түрлеріне, дайындалатын дәрінің құрамының күрделілігіне, дайындалған дәрілік заттың тұрақсыздығына және құрамы әртүрлі дәрілік заттарды бір жұмыс орнында дайындауды ұйымдастыру мүмкіншілігіне байланысты анықталады.

Дәріханаларда өндірістік іс-әрекеттерді жүргізу үшін арнайы ассистенттік бөлме жабдықталады. Ассистенттік бөлме арнайы дәріханалық мебельдермен, жабдықтармен, приборлармен қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, дәрілік формаларда дайындау, араластыру, сүзу, бөлшектеу, орау-буу, тығындау жабдықтарымен; улы, наркотикалық дәрілік заттарды және этил спиртіні сақтауға арналған арнайы сейф, шкафтармен, штангласстармен, салмақ пен көлемді өлшеу құралдарымен және дәрілерге химиялық бақылау жүргізу үшін қажетті реактивтермен қамтылады.

Дәріхананың жұмыс көлеміне байланысты ассистенттік бөлмеде бірнеше жұмыс орыны ұйымдастырылады:

- ішке қолдануға арналған дәрілік формаларды дайындау үшін;
- сыртқа қолданылатын дәрілік формаларды дайындау үшін;
- ішке қолданылатын дәрілік формаларды бөлшектеу үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдардың дәрілік формаларын дайындау үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдардың дәрілік формаларын бөлшектеу үшін.

Жұмыс көлемі үлкен ірі дәріханаларда рецептер бойынша дәрілік формаларды дайындауда ішке қолданылатын сұйық, дәрілік формаларды, ұнтақтар мен пиллолаларды, сыртқа қолданылатын майлар мен сұйық дәрілік формаларды және стерильді дәрілік заттарды жасау орындары бөлініп ұйымдастырылады.

Ассистенттік столда қосымша қызметтермен айналысу үшін фасовщиктердің жұмыс орындары бөлінеді. Жұмыс көлемі аз кішкене дәріханаларда дәрілерді дайындау және дайындалған дәрілердің сапасын тексеру үшін бір жұмыс орыны ұйымдастырылады.

Дәрілерді дайындаушы фармацевт немесе фармацевт ассистент өздерінің жұмысында дәрілік заттар айналысы саласындағы ҚР заңдылық актілерді, ҚР ДСМ бұйрықтарын, басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Дәрілік формаларды дайындаушы фармацевт, фармацевт ассистенттің рецептуралық-өндіріс бөлімінің

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 23 беті 2025-2026

менгерушісіне, орынбасарына, фармацевт-аналитикке тікелей бағынуы дәріханалық ұйымның басшылығымен айқындалады.

Ассистенттік бөлмедегі дәрілік формаларды дайындаушы фармацевт ассистент рецептер бойынша дәрілерді дайындайды және фасовщиктердің жұмыстарына басшылық жасайды.

Дәрілерді дайындаушы фармацевт- ассистенттің міндеттері:

- рецептер бойынша дайындау технологиясын сақтай отырып, рецепте жазылған дәрілік формаларды уақытында дайындау; «sito» және «statum» белгілері бар рецептер бойынша жазылған дәрілік формаларды бірінші кезекте дайындау;
- бекітілген тәртіптерге сәйкес барлық дайындалған дәрілік формаларға жазбаша бақылау паспорттарын толтыру;
- ұнтақтарды бөлшектеу, ерітінділерді сүзу т.б. барлық қосымша жұмыстарды фасовщиктерге тапсыру және оларға жұмыс ерекшеліктерін түсіндіру;
- кіші механикаландыру құралдарын, салмақты өлшеу прибор, аппараттарын қолдана білу;
- жұмыс орнына керекті құрал-жабдықтарды алдынала дайындау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану;
- жұмыс орнында санитарлық ереже талаптарын сақтау;
- дәріханада жүргізілетін материалды-құнды заттарды инвентаризациялауға қатысу;
- өзінің кәсіптік мамандық деңгейін үнемі жоғарлату, жұмысында озық тәжірибелер мен ғылыми жетістіктерді қолдану.

Дәрілік форманы дайындау алдында фармацевт ассистент рецепті асықпай оқып, ингредиенттердің сыйымдылығын және дозаларын тексереді. Фармацевт ассистент дәрілік форманың дұрыс дайындалуына және сапасына жауапты болады.

Дайындалған дәрілік формаларға фармацевт ассистент нөмірін жапсырып, жазбаша бақылау паспортын толтырады, рецепке қолын қояды. Дайындалған дәріні рецептісімен және жазбаша бақылау паспортымен фармацевт-технологқа береді.

Құрамында күшті әсерлі, улы және наркотикалық заттар бар дәрілерді дайындау

ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша юристік және жеке тұлғаларды наркотикалық және психотроптық заттармен жұмыс істеуге жіберу ережелері бекітіледі. Дәріханалық ұйымдарда наркотикалық және психотроптық заттармен жұмыс істеуге фармацевтикалық қызметкерлерді жіберу дәріханалық ұйым басшысының еңбек шарты негізінде жасалған рұқсатымен жүргізіледі. 18 жасқа толмағандар наркотикалық және психотроптық заттармен жұмыс істеуге жіберілмейді.

Дәрілер дайындау үшін қажетті наркотикалық дәрілік заттарды ассистенттік бөлмеге беру материалдық жауапкершіліктегі тұлғалар арқылы жүргізіледі.

Дайындалатын дәрілік форманың құрамына кіретін улы және наркотикалық дәрілік заттарды фармацевт ассистент бөлім менгерушісінен, оның орынбасарынан немесе басқа арнайы жауапты қызметкерден алады. Рецептін артына улы және наркотикалық заттың атауы, мөлшері жазылып, жіберушінің және алушы фармацевт ассистенттің қолдары қойылады. Алынған заттар сол мезетте дәрілік форманы дайындауда қолданылады, дәрі дайындалған бойда бақылауға беріледі және босатылғанға дейін арнайы жабық шкафтарда сақталады.

Дәріханалық жағдайда дайындалған дәрілердің жарамды мерзімдері мен сақталу жағдайлары ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітіледі.

Дәрілердің асептикалық жағдайда дайындалу ерекшеліктері

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 24 беті 2025-2026

ҚР ДСМ нұсқауына сәйкес инъекцияға арналған ерітінділер, көз тамшылары мен майлары, жаңа туған балаларға арналған дәрілік формалар, сыртқа қолданылатын кейбір ерітінділер дәріханаларда асептикалық жағдайда дайындалады. Асептикалық жағдайды қамтамасыз ету үшін дәріханаларда асептикалық блок жабдықталады.

Асептикалық блок - микробиологиялық және басқа да ластанудан сақтану мақсатында арнайы бөлініп, жабдықталып пайдаланылатын дәріхананың бөлмесі.

Асептикалық блок шлюзден, асептикалық бөлмеден (дәрілік формалар дайындалатын), стерилизациялау және дистилляциялау бөлмелерінен тұрады. Асептикалық блоктың бөлек кіру есігі немесе басқа бөлмелерден шлюз арқылы бөлінеді. Блокқа кірер жерде дезинфекциялық реітінділермен суланған резина ковриктері төселінеді.

Асептикалық блоктың шлюзінде стерильденген киімдерді сақтайтын шкаф, киінуге арналған отырғыш, қол жуғыш, айна, электрқұрғатқыш орналастырылады.

Асептикалық бөлмеде секциялы - жиналмалы ассистенттік стол, дәрілік заттарды сақтауға арналған шкаф, айналма, дәрілік формалардың құйылған ыдыстарын жабу, тығындау-аппараттары орналасады. Асептикалық стол терезеден 1м қашықтықта қойылады. Асептикалық бөлменің ауасын зарарсыздандыру қабырғаға 1,8 - 2м жоғарғылықта орналастырылған бактерицидтік лампалар арқылы жүргізіледі. Бактерицидтік лампалар бөлмеде адам болған жағдайда 1 Вт 1 м³ көлемді, ал адам болмағанда 2-3 Вт 1 м³ көлемді қамтитын есеппен анықталып орналастырылады.

Дәріханада стерильді ерітінділердің дайындалуы және сапасының бақылануы Мемлекеттік фармакопоя, стерильді ерітінділерді дайындаудың әдістемелік нұсқаулары, бұйрықтар мен нұсқаулардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Дайындалған ерітінділердің сатылық бақылауларының нәтижелері сәйкесті журналға тіркеліп отырады.

Дәрілік формаларды асептикалық жағдайда дайындауға керекті ыдыстар, қосымша материалдар, мақталы тампондар т.б. алдын-ала стерилизацияланады.

Тазартылған су, инъекцияға арналған су, дәрілік заттар және қосымша материалдар нормативтік құжаттардың талабына сәйкес болуы керек.

Бір жұмыс орнында бір мезгілде құрамында әртүрлі дәрілік заттар бар бірнеше стерильді ерітінділерді немесе құрамында бір дәрілік зат бар, бірақ әртүрлі концентрациядағы стерильді ерітінділерді дайындауға тиым салынады.

Ерітінділер дайындалғаннан кейін құйылған ыдыстар тығындалып, үстінен пергамент қағазымен жабылып, қағаздың шетінен 3х6 см көлемінде тілше қалдырылып байланады. Қалдырылған пергамент қағазының тілшесінде дәрінің құрамы, концентрациясы көрсетіліп, дайындаған фармацевт немесе фармацевт ассистент қолын қояды. Дайындалған ерітінділерді стерилизациялау дайындаудың басталуынан 3 сағат өткенге дейінгі мезгілде, фармацевтің немесе фармацевт ассистентінің бақылауымен жүргізіледі. Стерилизациялау параметрлері журналға арнайы тіркелінеді. Бүмен стерилизациялау аппараттарымен жұмыс істеуге 18 жасқа толған тұлғалар жіберіледі. Стерилизациялау аппараттарымен жұмыс істеу үшін тұлғалар алдынала медициналық тексеруден, арнайы оқу курсынан, техника қауіпсіздігін сақтау инструктажынан өтеді.

Инъекцияға арналған ерітінділерді микробиологиялық бақылаудан өткізу және пирогендігін сынау МФ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Стерильді ерітінділер құрамына кіретін заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда және бекітілген жарамды мерзімдер шегінде сақталынады. Стерильді ерітінділердің стерилизациялау тәртібі, жарамды мерзімі және сақталу жағдайлары ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 25 беті 2025-2026

Стерильді ерітінділердің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болмауы сыртқы түрі, рН өлшемі, құрамына кіретін заттардың сандық және сапалық көрсеткіштері, механикалық қосындылардың көрінуі, шекті мөлшерінің аздығы, тығынының осалдығы, басқа да безендірілу тәртібінің сақталмауы бойынша анықталады.

Асептикалық жағдайда дайындалатын дәрілік формаларға қойылатын санитарлық талаптар ҚР ДСМ арнайы бұйрығымен анықталып бекітіледі. Асептикалық жағдайда дайындалатын дәрілік формаларды жасауда қолданылатын дәрілік заттар штангласдарда, шаң кірмейтін тығыз жабылатын шкафтарда сақталады. Штангластар толтырылу алдында жуылып стерилизацияланады.

Стерильденген қосымша материалдар жабық күйінде 3 тәулік сақталады. Ашылған материалдар 24 сағ. ішінде қолданылады. Биксті ашып материал, ыдыстарды стерильденген пинцетпен алғаннан кейін қайтадан тығыз жабылады.

Асептикалық жағдайда дайындалатын, бөлшектенетін дәрілік заттарды құятын стерильденген ыдыстардың сақталу мерзімі 24 сағ. аспауы керек.

Ірі сыйымдылықты баллондарды жуып болғаннан кейін ыстық бумен 30 мин. буландырып зарарсыздандырады. Кейін стерильді тығынмен немесе стерильді пергаментпен жауып, ыластанбайтын жағдайда 24 сағ. сақталады.

Асептикалық блок қызметкерлерінің санитарлық киімдері бикске салынып булау стерилизаторында 120°C температурада 45 мин. немесе 132°C 20 мин. стерилизацияланады. Кейін бикстерде 3 тәуліктен көп емес мезгілге сақталады.

Қызметкерлердің аяқ киімдері жұмыс басталар алдында және жұмыстан кейін дезинфекцияланады, кейін жабық шкафтарда немесе жәшіктерде шлюзде сақталынады. Аяқ киімдер сыртынан 15 % хлорамин немесе 0,75 % хлорамин ерітіндісіне 0,5 жуу ұнтағы, болмаса 3% сутегі перекисі ерітіндісіне 0,5% жуу ұнтағы қосылған ерітінділермен 2 рет сұрту арқылы дезинфекцияланады. Сонымен қатар, аяқ киімдерді дезинфекциялау формалин ерітіндісіне немесе 40 % сірке қышқылына малынған мақтаны нашатыр спиртімен немесе негізбен нейтрализацияландырып салынған пакетте жүргізіледі.

Асептикалық жағдайда жұмыс істеу кезінде тиым салынады:

- асептикалық блокка стерильденбеген киіммен кіруге және стерильденген киіммен асептикалық блоктан шығуға;
- стерильденген санитарлық киімнің астынан қызметкерлердің көшеде киетін киімдерін киюге;
- қызметкерлерге косметикалық заттарды және аэрозольды дезодаранттарды қолдануға;
- сағат және зергерлік бұйымдарды тағуға.

Стерильді емес дәрілік формаларды дайындауда сақталатын санитарлық талаптар

Стерильді емес дәрілік формаларды дайындауда қолданылатын дәрілік заттар штангластарда тығыз жабылған шкафтарда сақталады. Дәрілік заттарды сақтауға арналған штангластарды толтыру алдында жуып стерилизациялайды.

Қосымша материалдар, жабу, орау, тығындау құралдары алдынала дайындалып, стерилизацияланып санитарлық ереже талаптарына сәйкес сақталынады.

Дәріханалық ыдыстар қолданар алдында жуылып, кептіріліп, стерилизацияланады.

Кіші механикаландыру құралдарыда жұмыс соңында 50-60° жылы сумен жуылып, дезинфекцияланады. Дезинфекциядан кейін бұйымдар ыстық сумен жуылып, тазартылған сумен шайылып, ыластанбайтын жағдайда сақталады.

Әр сменаның басында және аяғында қол өлшегіштері, шпателдер, қайшылар және басқа да ұсақ дәріханалық инвентарлар 3 % сутегі перекисі 0,5% жуу заттары қосындысы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 26 беті 2025-2026

ерітіндісімен сүртіліп, кейін таза сумен жуылады. Жуғаннан кейін инвентарларда жуу заттарының ізінің қалмауы тексеріледі. Бюреткілік қондырғылардың ағызу қрандары жұмыс басталар алдында ерітінді тұздарынан, тұнбалар қалдықтарынан тазартылады және спиртті эфирлі қоспамен (1:1) сүртіледі.

Бюреткілік қондырғылар және пипеткалар 10 күнде 1 рет концентраттардан тазартылып, 50-60⁰ жылы суға гарчица ұнтағы қосылған ерітіндімен немесе 3% сутегі перекисі ерітіндісін 0,5% жуу заттары қосындысымен жуылып, кейін тазартылған сумен шайылады. Жуылып, шайылып болғаннан кейін жуу заттарының іздерінің қалмауы тексеріледі.

Дәрілік заттарды өлшеп алғаннан кейін штангласстардың қақпағын, жабылатын шетін және қол өлшегіштерін мәрлі салфеткасымен сүртеді. Мәрлі салфеткасы бір-ақ рет қолданылады.

Жұмыс соңында күйғыштар, сүзгілер, капсулалар, ступкалар жуылып дезинфекцияланады.

4.Иллюстрациялық материал: презентация

5.Әдебиет:

Негізгі:

1. Шертаева, К. Д. Основы предпринимательской деятельности [Текст] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова, Ж. К. Шмирова. - Шымкент : ЮКМА, 2019. - 152 с.
2. Арыстанов, Ж. М. Организация фармацевтической деятельности: учеб. пособие. - Алматы : Эверо, 2015. - 608 с
3. Шертаева, К. Д. Организация фармацевтической деятельности : учеб. Пособие / К. Д. Шертаева, Г. И. Утегенова.-Жасулан 2021
4. Арыстанов Ж.М. История фармации. Учебное пособие. "Sky Systems"2021
5. Арыстанов, Ж. М. История фармации [Текст] : учебное пособие / Ж. М. Арыстанов. - Алматы : Medet Group, 2022. - 194 с.

Қосымша:

1. Сборник законодательных и нормативно-правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан [Текст] : сборник / Б. К. Махатов [и др.]. - ; Утв. и рек. методическим советом ЮКГФА. - Шымкент : Б. и., 2013. - 340 с.
2. Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне [Текст] : методич. рек / С. К. Тулемисов [и др.]. - Алматы : [б. и.], 2015.
3. Болдыш, С. К. Летопись истории фармации Казахстана: монография / С. К. Болдыш. - ; Утв. Учен. Советом КГМУ. - Алматы : Эверо, 2014. - 168 с.

Электрондық ресурстар

1. «Фармация тарихы» пәні бойынша дәрістер кешені. Мамандық: 5B110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине "История фармации". Специальность: 5B110300"Фармация": лекциялар тезисі / ҚРДСМ ШЖҚ РМК; ОҚМФА; Фармацияны ұйымдастыру және басқару каф. - Электрон. текстовые дан. (216 Мб). - Шымкент : Б. ж., 2013. - 76 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). 1 экз.
2. Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері" пәні бойынша дәріс кешені. Мамандық: 5B110300-"Фармация" [Электронный ресурс] = Тезисы лекций по дисциплине

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару» Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		40/11 41 беттің 27 беті 2025-2026

"Основы организации фармацевтической деятельности". Специальность: 5B110300-

"Фармация": лекциялар тезисі. - Шымкент: Б. ж., 2013

3. УМКД размещен на образовательном портале ukma.kz

4. Электронная библиотека «Консультант студента». Ссылка для доступа: <http://www.studmedlib.ru>, ЛОГИН [ibragim123](#), ПАРОЛЬ [Libukma123](#)

5. Сайт библиотечно-информационного центра академии [lib.ukma.kz](#)

6. Медиатека ЮКМА <https://media.skma.edu.kz/>

7. Цифровая библиотека «Aknurpress» www.aknurpress.kz пройдите регистрацию и укажите промокод SDH-28

8. ОКМА Репозиторийі <http://lib.ukma.kz/repository/>

9. Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана <http://rmebrk.kz/>

10. «Заң» нормативтік құқықтық актілер базасы <https://zan.kz/ru>

11. «Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі <https://online.zakon.kz/Medicine/>

12. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). 2 тарау, 10 бап; 5 тарау, 3 параграф; 27, 28 тарау; https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34464437

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P190000982>

14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы" <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022146>

15. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022230#z7>

16. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 232 бұйрығы "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидалары". Жаңа редакцияда-ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.03.2019 № ҚР ДСМ-10 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011037>

17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы. "Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы" <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022167#z13>

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-104/2020 бұйрығы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021229#z129>

19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021493#z55>

20. Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ. Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы. 1-бөлім, 1-тарау, 2,

3. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000123/k170123.htm>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 28 беті 2025-2026

21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237/2020 бұйрығы. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын бекітуді туралы және "Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызметін көрсету туралы.
Гл.1,2. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021749#z347>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Дәріхана жағдайында, оның ішінде асептикалық жағдайларда дәрілік заттарды дайындауды ұйымдастыру қалай жүзеге асырылады?
2. Дәрілік заттарды дайындау бойынша қызметкерлердің лауазымдық міндеттері неде?

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 29 беті 2025-2026

№6 Дәріс (8-апта)

1. Тақырыбы: Дәрі-дәрмектердің сапасын дәріханаішілік бақылауды ұйымдастыру. Дәрілік заттарды ресімдеу және босату. Дәрілік заттарды тегін босату жүйесі.

2. Мақсаты: білім алушыларды дәрілердің сапасын дәріханаішілік бақылаудың негізгі түрлерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Дәрілердің сапасын дәріханаішілік бақылау-рұқсат беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады

Дәріхана ұйымына сапасыз дәрілік заттардың түсуінің алдын алу мақсатында қабылдау бақылауы жүргізіледі, ол келіп түсетін препараттардың сапасын растайтын құжаттардың дұрыс ресімделуін және олардың көрсеткіштер бойынша талаптарға сәйкестігін тексереді.

Келіп түскен тауардың сапасына күмәнданған жағдайда үлгілерді іріктеп алу және оларды талдауға бақылау-талдау зертханасына жіберу қажет. Талдау нәтижелерін алғанға дейін тауардың барлық партиясын "қабылдау бақылауы кезінде жарамсыз" деген жазуы бар жеке ыдыста сақтайды.

Өнімнің сапасын арттыруға мынадай алдын алу іс-шаралары ықпал етеді: санитарлық режимді, тазартылған суды алу, жинау және сақтау ережелерін, дәрілік препараттарды дайындау технологиясын сақтау, салмақ өлшеу аспаптарының жарамдылығы мен дәлдігін қамтамасыз ету, келіп түсетін рецептілердің Мұқият фармацевтикалық сараптамасы, дәрілік заттарды дәріханада сақтау мерзімдері мен шарттарын қамтамасыз ету.

Дәріханада дайындалған дәрілердің сақталу мерзімі олардың құрамына, дайындау тәсіліне, буып-түю түріне, сақтау жағдайларына байланысты белгіленеді. Дәрілердің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында дәріханада жеке рецептілер немесе ЕПМ талаптары бойынша дайындалған барлық дәрілік заттар, сондай-ақ дәріханаішілік дайындама, концентраттар мен жартылай фабрикаттар дәріханаішілік сапа бақылауына жатады.

Дәріханада дайындалған өнімнің сапасы үшін рецептерді қабылдауды жүзеге асыратын және жұмысты фармацевтика арасында бөлетін провизор – талдаушы немесе провизор, сондай-ақ дәріхана меңгерушісі (директоры) мен оның орынбасары жауапты болады.

Фармацевт-аналитик дайындалған дәрілік заттарды толық бақылауды жүзеге асырады. Оның құқықтары мен міндеттері тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен бекітілген.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару»		40/11
Дәріс кешені «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және фармация тарихы»		41 беттің 30 беті 2025-2026

Жұмыс көлемі бойынша провизор – аналитик лауазымы көзделмеген дәріханаларда дәрілік заттардың сапасын бақылауды жеке дайындалған дәрілік заттарға рецептер қабылдауды жүзеге асыратын провизор жүргізуге міндетті.

Дәрілік заттардың сапасын бақылау нәтижелерін белгіленген нысандар бойынша журналдарда тіркейді. Барлық журналдар нөмірленуі, тігілуі, дәріхананың мөрімен бекітілуі және дәріхана меңгерушісінің қолымен расталуы тиіс.

Журналдарды сақтау мерзімі-1 жыл.

Дәрілік заттардың сапасын бақылау қорытындылары бойынша бір жыл ішінде есеп жасалады. Оған ұйымдастыру – әдістемелік жұмысы туралы түсіндірме жазба және қанағаттанғысыз дайындалған дәрілік заттардың саны туралы мәліметтер қоса беріледі.

